

Кімге: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау Комитетіне

Автор: Мақпал Жомартханқызы Рахимжанова, фармацевтикалық қызметті бақылау бөлімінің басшысы

Күні: 05.11.2024 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Фармацевтикалық өндірісті дамытуда импорттан келетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы мәселелер

Кілт сөздер: Фармацевтика, инвесторлар, импорт, экспорт, инновация, ғылыми-зерттеу зертханалары, инвестиция

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

Кіріспе

Қазақстандағы фармацевтика өнеркәсібі – халықты сапалы әрі қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ететін маңызды және қарқынды дамып келе жатқан экономика саласы. Елімізде соңғы жылдары отандық өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында өнім сапасын жақсарту және импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған айтарлықтай өзгерістерден өтті.

Бұл ретте фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту мақсатында көптеген концепциялар жасалды. Соның ішінде Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы жолдауында фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажеттілігі аталып өтті. Вируспен күрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті. Сондықтан, медицина өнімдерін зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек. Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырып, инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек.

Отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет.

Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім болып табылады. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет деп атап өтті. [1]

Тақырыптың өзектілігі - Қазақстандағы фармацевтика өнеркәсібіндегі дамудың негізгі басымдықтары ішкі өндіріс көлемін арттыру және импортқа тәуелділікті қысқарту. Қазақстанның Республикасының денсаулық сақтау

жүйесінің тұрақтылығын және халықтың дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қолжетімділігін арттыру.

Аналитикалық жазбаның мақсаты – Қазақстан Республикасында фармацевтика өнеркәсібін дамыту кезінде туындаған мәселелерді көрсету және нарықтағы отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың өндіріс үлесін ұлғайтудағы мүмкіндіктерді саралап, тиімді шешімдер ұсыну.

Негізгі бөлім


Бүгінгі таңда Қазақстанда 7156 дәрілік зат тіркелген, оның ішінде отандық препараттардың үлесі 1021 атауды (14%), ал шетелдік препараттардың үлесі - 6135 (86%) құрайды.[2]

Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2024 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша негізгі фармацевтикалық өнімдер мен дәрілік заттарды өндіру көлемі 95 028 млн. теңгені құрады, бұл 2023 жылдың бірінші жарты жылдық кезеңімен салыстырғанда 14,8%-ға артты.

Бұл ретте 87 294 млн теңгеге дәрілік заттар, 5 780 млн теңгеге басқа фармацевтикалық медициналық бұйымдар өндірілді, бұл 2023 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда тиісінше 20,4% және 13% артты. Табиғи тұрғыдан алғанда, дәрі-дәрмек өндірісі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 17,9 тоннадан, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 19,8 тоннаға дейін артқан, бұл 10,5 пайызға өсті.(1-сурет)

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында фармацевтикалық өнімдердің өндіру көлемі


Сурет-1



Қазақстандағы фармацевтика өнеркәсібі негізінен төрт облысында Шымкент, Алматы, Алматы және Қарағанды орналасқан. Олардың фармацевтикалық өндірістің жалпы көлеміне қосқан үлесі 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында шамамен 96% құрады.(2-сурет)

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша фармацевтикалық өнімдерді құндық мәнде өндіру көлемі

Сурет-2



Мысалы, Шығыс-Қазақстан облысында 2024 жылдың 01 қарашасына сәйкес 10 фармацевтикалық өнеркәсіп жұмыс жасайды. Оның ішінде, 2 өнеркәсіп биологиялық белсенді қоспаларды өндіреді («Сорбент» ЖШС-Тагансорбент ББҚ, ЖШС «Ақсу-Дэен» - панты өнімдері), 8 өнеркәсіп медициналық бұйымдар мен медициналық жиһаз бен анализаторлар, сондай-ақ реактивтерді өндіреді. Өндірілетін өнімдер Қазақстанның барлық өңірлеріне жеткізіледі.

2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша фармацевтикалық өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 39,7%-ға өсті, ол отандық кәсіпорындарда шығарылатын өнім көлемінің ұлғаюына байланысты. Мысалы «Химфарм» АҚ-да шығарылатын өнім көлемі 67% - ға артқан, аталған отандық фармацевтикалық компания соңғы 2 жылда экспорт көлемін 2,5 есеге арттырды. Бүгінгі таңда кәсіпорынның дәрілік заттары Орталық Азия және ЕАЭО нарықтарында кеңінен сұранысқа ие. Өнімдер Тәжікстан, Түрікменстан, Моңғолия, Ресей және Қырғызстан сияқты елдерге экспортталады. Сонымен қатар келесі жылы Өзбекстан нарығын игере отырып, экспортты екі есеге арттыру жоспарланған. Бұдан бөлек, маңызды бастамалардың бірі Еуропалық одақтың дәрілік нарығына шығу көзделіп, экспорт көлемін ұлғайту жоспарланып отыр.

Бүгінде салада 96 кәсіпорын жұмыс істейді, олардың 33-і дәрілік заттар, 41 медициналық бұйымдар және 22 кәсіпорын медициналық техника өндіреді. 5 мыңнан астам адам фармацевтика өнеркәсібінің тұрақты қызметін қамтамасыз етуде. [3]

Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларының қорытындысы бойынша Қазақстанға 425 миллион долларға 7,9 мың тонна дәрі-дәрмек импортталды. Өсім физикалық түрде 5,3%, ақшалай түрде 22,3% құрады.

ТМД елдерінен құны 36 млн доллар болатын 3 мың тонна дәрі-дәрмек әкелінді. Қазақстан Республикасына жеткізілімнің негізгі көлемі Ресейден келді: 2,1 мың тонна – бір жыл бұрынғыдан 40,8%-ға артық. Сондай-ақ,

Беларусь пен Украина елдерінен дәрі-дәрмек импорттаушы елдердің үштігіне енді.

ТМД-дан тыс елдерден Қазақстан 389 миллион долларға 4,9 мың тонна дәрі-дәрмек импорттады. Қытай Қазақстан Республикасы үшін негізгі жеткізуші болды: 958,3 млн тонна дәрі – өткен жылдың қаңтар-наурызымен салыстырғанда 40,8%-ға аз. Басты бес елдің қатарына Үндістан, Германия, Франция және Түркия кірді.[4] (3-сурет).

Сурет-3

Импорт медикаментов. Январь–март 2024							
	2024/03		2023/03		Рост за год		
	тонн	млн долл. США	тонн	млн долл. США	тонн	млн долл. США	
Всего	7 897,6	425,0	7 500,3	347,7	5,3%	22,3%	
Страны СНГ	2 972,1	36,0	2 164,4	30,3	37,3%	18,9%	
Россия	2 118,5	22,1	1 504,6	18,4	40,8%	20,3%	
Беларусь	545,1	6,2	333,6	4,9	63,4%	27,0%	
Украина	175,7	6,4	249,3	6,1	-29,5%	4,3%	
Прочие	132,7	1,3	76,9	0,9	72,6%	43,9%	
Остальные страны	4 925,5	389,0	5 335,9	317,4	-7,7%	22,6%	
Китай	958,3	5,5	1 619,4	2,9	-40,8%	94,0%	
Индия	648,9	36,8	639,9	33,9	1,4%	8,4%	
Германия	634,0	70,8	572,3	67,6	10,8%	4,7%	
Франция	389,8	21,7	340,9	20,2	14,4%	7,1%	
Турция	362,8	21,6	325,1	21,0	11,6%	2,7%	
Италия	291,6	34,9	168,1	25,5	73,4%	36,8%	
Словения	243,4	19,4	245,3	15,6	-0,8%	24,2%	
Польша	234,5	10,9	240,1	8,6	-2,3%	26,4%	
Испания	172,5	16,4	203,7	10,9	-15,4%	51,1%	
Ирландия	115,6	13,7	157,4	12,7	-26,5%	8,4%	
Прочие	874,1	137,3	823,7	98,5	6,1%	39,5%	

Источник: Бюро национальной статистики АСПиР РК

EnergyProm

Осыған сәйкес импорттан келетін дәрілік заттар заттар мен медициналық бұйымдар үлкен көрсеткішті көрсетіп тұр. Бұл өз кезегінде ауқымды мәселе болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе фармацевтикалық өнеркәсіп маңызды әрі қарқынды дамып келе жатқан экономикалық сала болып табылады. Қазақстандағы фармацевтикалық нарықтың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін күшті және әлсіз жақтарын байқаймыз. Мемлекет тарапынан қолдау, ішкі сұраныстың өсуі, экспорттық әлеует және инфрақұрылымның дамуы бұл нарықтың күшті жақтарын көрсетеді. Алайда, импортқа тәуелділік, білікті кадрлардың жетіспеушілігі, ғылыми-зерттеу базасының әлсіздігі, реттеушілік және басқа да кедергілер бұл саланың әлсіз жақтары болып табылады.

Дәрілік заттардың өндірісіне инвестиция салу үшін «жасыл дәліз» құруды ұсыну қажет, ол Қазақстанда қазірдің өзінде орналасқан және жаңа өндірісті ұйымдастыруға ниет білдірген компаниялардың дамуына арналған сыртқы және ішкі инвестицияларды қолдауы тиіс. Атап айтқанда, екі негізгі бағыт бойынша нарыққа инновациялық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды және заманауи генериктерді енгізуді жеделдету, сондай-ақ ұлттық валюта бағамының құбылмалылығын ескере отырып, өтеу және баға белгілеу жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, биоөндіріс, цифрлық технологиялар және инновациялық дәрі-дәрмектерді өндірудегі

автоматтандыру дағдыларын дамыту үшін қосымша қаржыландыруды қоса алғанда, дәрілік заттарды өндірудегі жұмыс күшін нығайту маңызды. Отандық өндірісті дамытуға және дәрілік заттардың экспортын қолдауға бағытталған шараларды қабылдау, саланы дамыту міндеттерін шешу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымында фармацевтика саласын дамыту, оның ішінде өнеркәсіптік дамыту және дәрі-дәрмек және дәрі-дәрмектерді әкелу міндеттерін алатын жеке бөлімше құру қажет.[5]

Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар

Біріншіден, фармацевтикалық өндірісті дамытуда ғылыми және кадрлық әлеуетті арттыру;

Екіншіден, кадрларды дайындау кезінде белгіленген бағдарламалар арқылы мамандарды шетелдік технологияларды пайдалана отырып, халықаралық оқыту және зерттеу;

Үшіншіден, отандық жаңа дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың өндірісін дамытуда мемлекет тарапынан қолдау, сондай-ақ ғылыми-зерттеу зертханаларын ашу;

Төртіншіден, еліміздегі шикізаттарды пайдалана отырып, елімізде фармацевтикалық зауыттардың өркендеуіне ықпал жасау.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>
2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық комитетінің ресми парақшасының жариялынымы <https://www.gov.kz/memleket/entities/kmfk/press/news/details/614987?lang=kk>
3. Қазақстандағы фармацевтика өнеркәсібінің дамуы бойынша жариялыным <https://baq.kz/elimizde-farmacevtika-onerkasibi-damyp-keledi-237854/>
4. Импорттың көрсеткіштері <https://energyprom.kz/articles-ru/markets-ru/import-medikamentov-v-rk-vyros-na-5-v-tonnah-i-srazu-na-22-v-dengah/>
5. Марина Дурманованың сұхбаты <https://aprfd.kz/index.php/novosti/item/2756-что-neobkhodimo-dlya-razvitiya-otechestvennoj-farmatsevticheskoy-industrii>